

Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығаруының 35 - жылдығына Түпқараған ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 тамыздағы № 16/92 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 тамыздағы № 4728-12 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 9 желтоқсандағы 2024 жылғы № 20 /108 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 09.12.2024 № 20/108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығаруының 35-жылдығына Түпқараған ауданы азаматтарының келесі жекелеген санаттарына 50 (елу) мың теңге мөлшерінде қосымша әлеуметтік көмек белгіленсін:

1) Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертiгyі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына;

2) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына енбеген жұмысшылар мен қызметшілеріне;

3) 1979 жылғы 1 желтоқсан – 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілеріне.

2. Әлеуметтік көмек алушылардан өтініштері талап етілмей, бір рет көрсетіледі.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Түпқараған аудандық мәслихатының төрағасы

А. Нугманов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды

үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасы" мемлекеттік мекемесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ